Международные пакты, такие как Международный пакт о гражданских и политических правах [6], а также Международный пакт о экономических, социальных и культурных правах, закрепляют конкретные права и свободы, включая право на жизнь, свободу от пыток, право на справедливый суд и другие [7]. Эти документы не только формируют международные стандарты, но и обязывают государства их соблюдать, создавая механизмы мониторинга и контроля.

Таким образом, уголовно-правовая защита прав человека представляет собой важный аспект функционирования правовой системы. Принципы законности, презумпции невиновности, гуманизма, равенства перед законом и состязательности играют ключевую роль в обеспечении защиты прав личности и справедливости в уголовном процессе. Преступления, направленные против прав человека, требуют особого внимания со стороны государства, и уголовное законодательство должно быть направлено на их предотвращение и наказание. Международные стандарты защиты прав человека служат основой для формирования национального законодательства и его эффективного применения, обеспечивая защиту прав граждан на глобальном уровне.

Обеспечение прав человека в уголовно-правовой сфере является не только задачей государственных органов, но и обязанностью каждого члена общества. Необходимо активно работать над повышением правовой грамотности населения, чтобы граждане знали свои права и умели их защищать. Образование и просвещение в области прав человека должны стать важными компонентами общей образовательной системы. Только

так можно добиться истинной защиты прав человека и справедливости в обществе.

В современных условиях, когда мир сталкивается с новыми вызовами, связанными с терроризмом, организованной преступностью и другими угрозами, особенно важно соблюдать баланс между обеспечением безопасности и защитой прав граждан. Это требует не только изменений в законодательстве, но и пересмотра подходов к правоприменению, а также создания эффективных механизмов контроля за правоохранительными органами. Важно, чтобы правоохранительные структуры действовали в рамках закона и уважали права граждан, даже в условиях повышенной угрозы.

Для достижения этой цели необходимо развивать независимую судебную систему, которая будет способна объективно оценивать действия правоохранительных органов и защищать права граждан от возможного злоупотребления властью. Судебная система должна быть доступной для всех, обеспечивая эффективные механизмы защиты, такие как право на защиту и право на апелляцию.

Также следует усилить механизмы гражданского контроля за деятельностью правоохранительных органов. Общественные организации и независимые эксперты могут сыграть важную роль в мониторинге соблюдения прав человека и защиты граждан от произвола. Это может включать создание независимых комиссий для расследования случаев нарушения прав человека, а также системы обратной связи, позволяющие гражданам сообщать о неправомерных действиях.

Кроме того, необходима активизация международного сотрудничества в области защиты прав человека. Государства должны обмениваться опытом, совместно работать над предотвращением преступлений,

касающихся прав человека, и оказывать друг другу помощь в обеспечении соблюдения международных стандартов. Международные организации, такие как ООН и Европейский Суд по правам человека, могут сыграть важную роль в этом процессе, обеспечивая надзор за выполнением обязательств государств.

В заключение хотелось бы отметить, что защита прав человека в уголовно-правовой сфере является многогранной задачей, требующей комплексного подхода и активного участия всех слоев общества. Успех в этой области будет зависеть от способности государства, правоохранительных органов и гражданского общества работать вместе для создания справедливой и безопасной правовой системы. Лишь через совместные усилия можно добиться реального улучшения ситуации с правами человека, обеспечивая каждому гражданину защиту и уважение его основных прав и свобод.

1. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.09.2022 г.) [Электронный ресурс] URL: <https://www.google.com/amp/s/online.zakon.kz/m/amp/document/1005029> (Дата обращения 14.10.2024).

2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 09.09.2024 г.). [Электронный ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31575252 (Дата обращения 14.10.2024).

3. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V ЗПК (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.09.2024 г.) [Электронный ресурс] URL: https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=31575852 (Дата обращения 14.10.2024).

4. Уголовное право Республики Казахстан [Текст]: учебник / Н.А. Абдиров, А. Агибаев, Б.И. Ахметов и др.; Под ред. И.Ш. Борчашвили, С.М. Рахметова. - Алматы: Данекер, 2002 -. Уголовное право Республики Казахстан / Абдиров Н.А., А. Агибаев [и др.]. - Алматы, 2002. - 426 с

5. Всеобщей декларации прав человека (принята на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН 10 декабря 1948 г.) // Справочно-правовая система «Параграф», 2009.

6. *Международный пакт о гражданских и политических правах. Международная защита прав и свобод человека. Сб. документов. — М.: Юрид. Лит., 1990.*

7. *Международный пакт об экономических, социальных и культурных правах. Международное публичное право: Сб. документов / Сост. К. Я. Бекяшев. — М., 1996. Т. 1.*

ЭВФЕМИЗМ ЗАҢҒЕРЛІК ДИСКУРСТЫҢ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯСЫ РЕТІНДЕ

Б.Р. ЕСІМСЕЙТОВ

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы Жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру институтының әлеуметтік-
гуманитарлық пәндер кафедрасының доценті.*

*Әділет кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор*

Заңгердің коммуникативті құзыреттілігі заңгерлік дискурста танылады. Яғни, тілдік құралдардың көмегімен құқық саласына қатысты ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастыру. Бүгінде мәтіндерді құрастыру және түсіну мәселесі ғылыми таным кеңістігінде көп талқыланатын сұрақтардың қатарында. Заң ғылымы да осы проблеманы құқық саласы дамуының негізгі алғышарты ретінде қарастырады. Заң мәтіндерін ұғыну және түсіндіру бағытындағы ғылыми еңбектердің және тиісті пәнаралық сипаттағы зерттеулердің көбеюі осыны дәлелдейді.

П.Гудричаның пікірінше: «Құқықтық дискурс заңның коммуникативті немесе риторикалық функцияларын олардың институционалдық және әлеуметтік лингвистикалық аспектісіне орналастыратын құқықтық мәтіндерді оқу әдістемесін білдіреді [1, 205].

Өз кезегінде, *Е.А. Кожемякин*: «Заңгерлік дискурстың тілі – институционалды ортада дәстүрлі түрде қолданылатын ерекше кодтардың бірі. Оның бірегейлігі концептуалды-семантикалық тілдік құралдарды (терминдерді), клишелер мен кеңсе сөздерін кеңінен қолдану, экспрессивтіліктің болмауы, синтаксистік құрылымдардың күрделілігі, жанрлық-стилистикалық құралдарды шектеулі пайдалану және контекстуалдылық деңгейінің төмендігі арқылы көрінеді. Заңгерлік дискурстың барлық тілдік және стилистикалық құралдары, сондай-ақ мәтін түрлері, сөйлеу актілері жеке адамдар арасындағы қатынастарды қалыпқа келтіру мақсатында жұмсалады. Заңгерлік дискурс арқылы біз құқықтық бекіту (легитимация), қоғамдық қатынастарды реттеу және бақылауға бағытталған белгілі бір тарихи және әлеуметтік-мәдени кодтармен (дәстүрлермен) реттелетін мағына тудырушы және қалыптастырушы қызметті анықтаймыз» [2].

А.А. Букаева, Г.О. Сыздықовалар: Зерттеуші Е.И.Шейгал көрсеткен саяси дискурстың өлшемдеріне сүйене отырып, заңгерлік дискурстың категориялық құрылымындағы типтік ерекшеліктерін «а) қызмет ету саласы – заңнама саласы (заңгерлік дискурс құқықтық мәселелер талқыланып барлық жерде байқалады); б) негізгі уәжі мен тақырыбы – заңның мазмұны және қарастырылып отырған оқиғаның заңға сәйкестігі; в) коммуникативтік бағыттылығы – әлеуметтік қатынастарды реттеу (заңгерлік дискурста бұл функция заңның үстемдігі принципіне негізделіп орындалады); г) жалпы танымдық ерекшелігі – нақты деректердің құндылықтардан артықшылығы (тарихи қалыптасып дамыған жеке және ұжымдық құндылықтар), объективті ақпарат беру, рационалдылықтың эмоционалдылықтан басым болуы)» - көрсетеді [3].

Заңгерлік дискурстың тілі – қазақ тілінің кәсіби салада жұмсалуды қамтамасыз ететін тіл. Ол қоғамда құқықтық реттеуді жүзеге асыру құралы ретінде қызмет етеді және кез келген дискурс тілі сияқты қазақ тілінің негізгі корпусымен тығыз байланысты болады. Сонымен, заңгерлік дискурс - әлеуметтік қатынастар мен коммуникацияны реттейтін нормалар мен ережелердің жиынтығы деп қорытынды жасауға болады. Осылайша, қарым-қатынас процесінде заңгерлік дискурстың барлық кәсіби қатысушылары арнайы терминдерді, анықтамаларды және тілдік құрылымдарды қолдана отырып, кәсіби заң тілінде сөйлейді. Заңгерлік дискурстың бір түрі - нормативтік құқықтық актілер болып табылады. «Нормативтік құқықтық акт (*бұдан әрі – НҚА*) – республикалық референдумда қабылданған не уәкілетті орган қабылдаған, құқық нормаларын белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, толықтыратын, тоқтататын немесе тоқтата тұратын, белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат» [4].

Осы заңның 7-бабында Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды деп екіге бөлініп, олардың түрлері санамаланып көрсетілген. «1. НҚА-ның негізгі түрлері: 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, Қазақстан Республикасының кодекстері, Қазақстан Республикасының шоғырландырылған заңдары, Қазақстан Республикасының заңдары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулылары; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары; 3) Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының нормативтік құқықтық актілері; 4) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның Палаталарының нормативтік құқықтық қаулылары; 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық

қаулылары; 6) Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары; 7) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық қаулылары; 8) Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары; 9) орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары; 10) мәслихаттардың нормативтік құқықтық шешімдері, әкімдіктердің нормативтік құқықтық қаулылары, әкімдердің нормативтік құқықтық шешімдері және тексеру комиссияларының нормативтік құқықтық қаулылары. 2. НҚА-ның туынды түрлері: 1) ереже; 2) техникалық регламент; 5) қағидалар; 6) нұсқаулық» [4].

Жоғарыда санамаланып берілген тізімнен заң мәтіндерінің ең үлкен бөлігін НҚА тілі құрайтындығын көреміз. Бұл тіл – мемлекеттің ішкі және сыртқы аса маңызды қоғамдық қатынастарын реттеуде қолданылатын арнайы сөздік қорын құрайды. Нормативтік-құқықтық актілер тілі – белгілі қалыптағы заң терминдері, өзіндік ережелері бар, мамандандырылған тіл, жазба және ауызша түрде болады.

Нормативтік-құқықтық актілер тілінде көп қолданылатын сөз жасау түрінің бірі - эвфемизмдер. Яғни, заңгерлік дискурстарды тілдік тұрғыдан зерттеуде ең баста сөйлеу тілінің маңызды тілдік көріністері болып табылатын эвфемизмдер тұрады.

Сонымен отандық ғалымдардың еңбектеріндегі эвфемизмнің сипаталуы негізінде оның мынадай тұрақты белгілерін анықтауға болады. Біріншіден, тыйым салынған

сөздерді (мифологиялық, діни, саяси, әкімшілік, идеологиялық, т.б.) басқа атаулармен ауыстыру, екіншіден, белгілі бір тілдік ұжымда айтуға ұят саналатын сөздерді (кейбір дене мүшелері, жыныстық қатынасқа байланысты атаулар, физиологиялық зат алмасумен байланысты атаулар, т.б.), үшіншіден, сөйлеуші ұғымында, түсінігінде «дөрекі», «әдептілікке» жатпайды-ау деген сөздерді басқаша сөздермен (қарапайым лексика) ауыстыру, төртіншіден, тыңдаушыға «жайлы», «жағымды» болып көрінетін сөздерді таңдау, талғау.

Эвфемизмдердің мағыналық-семантикалық тұрғыдан бірде көнеріп, бірде жаңарып отыруы қоғамдық сананың өзгерілуімен де тығыз байланысты.

Эвфемизмдер – тілдің сөздік құрамын байытады, синонимдік қатарын көбейтеді;

- функционалдық-стильдік айырымдарды тереңдетеді;

- тіл мәдениетін, адамның жеке мәдениетін қалыптастыруға әсер етеді;

- сөз этикеті нормаларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Міне, бұл айтылғандар эвфемия құбылысын екі өлшемде – жан-жақты және тереңдете зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Мақалада қолданыстағы заңнамалардан мысалдар келтіре отырып, нормативтік-құқықтық актілер тілінде қолданылатын эвфемизм табиғатын қарастырамыз.

Эвфемизм түркі тілдес халықтардың көбінде кездеседі. Азербайжан тіліндегі табу мен эвфемизм құбылысына арналған Х.М. Джаббаровтың «Табу и эвфемизмы в азербайджанском языке» [5,273], Н. Исматуллаевтың «Эвфемизмы в современном узбекском языке» [6, 153] деген еңбектерін, И.Л. Циртаустың «К

вопросу о табу и эвфемизмах в казахском, киргизском, узбекском языках» [7, 23-31] айтуға болады.

Эвфемизмге қазақ тіл білімінде берілген анықтамаларға тоқталайық: К.Аханов «Бір затты немесе құбылысты тікелей өз атымен емес, басқа бір сөзбен атаудың себебі мүлдем басқаша болуы мүмкін. Кейбір нәрсенің не құбылыстың атын тікелей айту дөрекілеу, қолайсыздау болып көрінгенде, олар басқа сыпайы, майда сөздермен аустырылып айтылады. Бұл құбылыс эвфемизм деп аталады», – деген анықтама бере отырып, эвфемизмдердің шығу тегі табудан өзгеше екендігін былай деп түсіндіреді: «Бірақ эвфемизмдер табу сияқты қате түсінік, діни ұғымның негізінде емес, айтуға дөрекі, қолайсыз сөзді сыпайы сөзбен ауыстырып айтудың негізінде шыққан», – деп: «өтірік айту дегеннің орнына қосып айту, ұрланыпты деудің орнына қолды болыпты, ұрлық – қарлық жасамау деудің орнына ала жібін аттамаудеген сөз тіркестері» қолданылатындығына мысал келтіреді [8, 180 б.].

Ә. Хасенов: «Эвфемизм - бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі» деген анықтама береді. [9, 154 б.]

Ә. Ахметов: «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген еңбегінде табу мен эвфемизмді этнографиялық лексикаға жатқызған: «Кез келген этнографиялық лексиканың сыртында белгілі бір этнографиялық ұғымдардың тұратыны сияқты табу мен эвфемизмнің сыртында да олармен ұштасып, астарласып жататын этнографиялық ұғымдар, атап айтқанда, дәстүрлі наным-сенімдер, мифтер, әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер, қоғамда қалыптасқан тіл мәдениетімен байланысты этикалық нормалар тұрады». [10, 202 б.]

«Эвфемизм, сыпайы сөз (грек. eu – жақсы, рhemi – айтамын) – мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу. Эвфемизм сыпайыгершілікке, әдептілікке байланысты туған. Мысалы, біреу өлді деудің орнына жүріп кетті, қайтпас сапарға кетті, демі бітті дейді. Сондай – ақ адамның дене мүшелеріндегі кем – кетікті (саңырау – құлағының мүкісі бар), ауруды қылтамақ – аты жаман ауру) жұмсақ сөздермен алмастырып қолданады. Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эвфемизм негізінде пайда болған. Мысалы, аузынан ақ ит кіріп көк ит шықты, сөзге келді, тіл тигізді, жүз шайысты сияқты тұрақты тіркестер ұрысты, ренжісті, ауыр сөздер айттыдеген мағынаны білдіреді [11, 469 б.].

Ә. Болғанбайұлы, Ғ Қалиұлының еңбегінде эвфемизмді құбылыс ретінде қарастырып, «Эвфемизм табу сияқты үрейленуден туған сенімге негізделмейді, сыпайыгершілік пен әдептілікке негізделеді. Демек, қазіргі кездегі қолданылып жүрген эвфемизмдер бүгінгі таңдағы өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деп есептеледі. Сондықтан табу мен эвфемизмдерді бір-бірімен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі мақсаттан шыққан» [12,125-126] деп, оның өзіндік еркшеліктерін көрсетеді.

М.Ш. Жұмағұлова «Газет, публицистика тіліндегі эвфемизмдер» атты кандидаттық диссертациясында «Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты (коммуникативтік дискомфорт) болдырмауды көздейді де, жеке бастық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал газет бағаналарындағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады» - деп санайды [13, 19]. Әдеттегі эвфемизмдер жеке адамдар арасындағы коммуникативтік қолайсыздықты болдырмауды көздейді де, жеке тұлғалық қатынасқа тән сипатқа ие болады. Ал заңгерлік

дискурстағы эвфемистік формалардың әлеуметтік сипаты басым болады.

Нормативтік-құқықтық актілер тілінде әсіресе адамның психологиялық күйіне ауыр тиетін кейбір сөздер эвфемистік форманы қажет етеді.

Нормативтік-құқықтық актілер тілінде көптеген сөздер эвфемизмдердің қатарында қаралып жүр. Мысалы, Жетім бала, тастанды бала тәрізді заң қолданушылардың психологиясына қолайсыз әсер тудыратын сөздер арнайы қамқорлығынсыз қалған бала, бас тартқан бала сөздермен беріледі. Сонымен қатар нормативтік құқықтық акт мәтіндерінде өлді, жоғалды, ажырасты, мүгедек деген сөздер де тіл мәдениеті, эстетикалық талғам бойынша сыпайы түрде жеткізіліп жүр. Мысалы, Ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы (өлуі). Хабар-ошарсыз кеткен (жоғалды) деп тану. Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату (ажырасты). Мүмкіндігі шектеулі (мүгедек) адамның құқығын қорғау.

Осы айтылғандарды қорытындылай келе эвфемизмді дөрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастыру үшін жұмсалатын сөздер мен қолданыстар деп танимыз. Эвфемизмнің заң мәтіндеріндегі басты қызметі – сөйлеудегі мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайы жеткізу. Сөйлеудегі сыпайылық дегеніміз – көңілге ауыр тиетін тұрпайы, анайы, адамды кемсіту, қорлануына себеп болатын өмір шындығын баяндау үшін жағымды, сыпайы сөз тіркестерін қолдану. Бұл тіл мәдениеті, эстетикалық талғам мәселесі. Эвфемизм – кез-келген сөзді адамның сөз мәдениеті дәрежесінде қайта өңдеп, жұмсартып немесе сыпайы түрде жеткізудің амалы. Эвфемизмдер тілде шынайы, сыпайы сөйлеуге мүмкіндік береді, заң шығарушының тілдік құзыретінің деңгейін көрсетеді.

1. *Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 17. Теория речевых актов. М.: Прогресс, 1986. – 423 с.*

2. **Кожемякин Е.А.** Юридический дискурс как культурный феномен: структура и смыслообразование. [Электрон. ресурс] URL: http://konference.siberia-expert.com/publ/doklad_s_obsuzhdeniem_na_sajte/Kozhemjakin_e_ajuridicheskij_diskurs_kak_k_ulturnyj_fenomen_struktura_i_smysloobrazovanie/2-1-0-28 (дата обращения: 07.09.2016)

3. **А.А. Букаева, Г.О.** Сыздықовалар

4. Құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V ҚРЗ

5. **Джаббаров Х.М.** Табу и эвфемизмы в азербайджанском языке: Автореф. дис. канд. филол. наук: 10.02.06. – Баку, 1972. – 27 с.

6. **Исмаилов Н.** Эвфемизмы в современном узбекском языке. – Ташкент: Фан, 1964. – 153 с.

7. **Циртаутас И.** (Сизтл, США) К вопросу о табу эвфемизмах в казахском, киргизском и узбекском языках // Советская тюркология. – 1976. – № 4. – С. 23-31.

8. **Баймұрынов Ж.М.** Қазақ тілі синтаксистік құрылысындағы үнемдеу құбылыстары (психолінгвистикалық аспект). Автореферат. 10.02.02 – Астана: 2009. – 24 б. Аханов К. Тіл білімдерінің негіздері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 96 б

9. **Хасенов Ә.** Тіл білімі. – Алматы, 2003, 154 б.

10. **Ахметов. Ә.,** Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. (Салыстырмалы этнолінгвистикалық пайым). Халықаралық түркі академиясы, 2-басылым. Астана, Ғылым, 2015. 202 б.

11. **Балақаев М., Томанов М., Жанпейісов Е., Манасбаев Б.** Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 201 б.

12. **Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ.** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, Санат, 1997. – 256 б.

13. **Жұмағұлова М.Ш.** Газет публицистика тіліндегі эвфемизмдер, // Канд. Дисс., Алматы: 2000. – 25 б.

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН ҚҰРУ ЖОЛЫНДА ПО ҚЫЗМЕТІНДЕГІ АШЫҚТЫҚ, ҰТҚЫРЛЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІЛІК ПРИНЦИПТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛ ЫҒЫ

Р.Н. ДЖИГИТОВА

*Жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, заң
ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі*

Қазіргі таңда «Жаңа Қазақстан» деген тезис, қазіргі таңда жүргізіліп жатқан реформалар соған қарай бара жатырмыз. Көпшілікке бірден жете қоймайды. Осы реформалардың барлығы іске асу үшін «Елу жылда ел жаңа» осыған орай оған белгілі уақыт керек. «Жаңа Қазақстан» ұғымын түсіну үшін де құқықтық қоғам, құқықтық сана, құқықтық сауаттылық қажет. Осыған орай, жасалып жатқан реформалар осы үшін керек. Атлаған реформалар халықтың сенімін болашақта артады деп санаймын. «Көш жүре бара түзеледі» деген Қазақ халқының сөзі бар. Қай кезде де қоғамдағы өзгерістерді түсіну оңай болмаған, оған белгілі уақыт керек. Оған бір ғылыми зерттеулер керек деп санаймын. Ғылыми зерттеулер арқылы нәтижеген жеткенімізді қарауға болады.

ПО-да болып жатқан реформаларға тоқталатын болсақ, құқық қорғау саласындағы мамандардың біліктілігін арттыруға қатысты Президент үлкен тапсырмала беріп жатыр. Оған бірден-бір себеп ол қаңтар оқиғасы деп білемін.

Полиция жаппай тәртіпсіздікті ұйымдастырушыларды, яғни биліктің заңды талаптарына қарсы шығуға үндеген, қару-жарақ әкеліп таратқан, жағдайды ушықтырып, адамдарды күш қолдануға,

маңайдағының бәрін қиратуға, өртеп-талқандауға азғырған адамдарды анықтап, әшкереледі.

Президенттің ПО-ның жүйесіне берілген тапсырмаларының бірі халыққа жақын полиция. Сол себепті полицияға «сервистік моделі» енгізілді. Сонымен қатар, жаңа үлгілерді енгізу болып табылады. Бұл халыққа ашық қызмет ету. Міне, қаңтар оқиғсынан кейін халыққа жақын полиция ұғымы пайда болды. Қаңтар оқиғасындағы қарақшылыққа, ланкестік көтерліске төтеп берген ол ПО қызметкерлері. Қаңтар оқиғсының алғашқы күндерін саралайтын болсақ, халық полицияға алғыстарын айтып жатырды. «Сервистік полиция» деген осы.

Сервистік полицияның мәні неде? Бұл реформа емес, қоғамның сұраныстарын қанағаттандыратын қолданыстағы полиция құру. Біріншісі-біздің іс-әрекеттеріміздің заңды, уақтылы болуы, халықтың хабардар болуы, оларға сыпайы көзқарас болуы. Қоғам бүгінде осыны талап етеді. Халыққа жақын полиция дегеніміз-учаскелік полицияның мәртебесі көтерілуде. [1]

Жергілікті полиция қызметі жүйесін жетілдіру жобасы шеңберінде «сервистік полиция» қағидаттарында жаңа тетіктер, құралдар мен жұмыс әдістері енгізілуде.

Адам құқықтарының мәнісін мен мынандай формуламен анықтаған болар едім: «Адам құқықтары – жоғары құндылық, оны құрметтеу, сақтау және қорғау – ПО негізгі міндеті».

2021 жылы Ақтөбе облысында 5 стационарлық полиция бекеті орнатылды, онда азаматтар тәуліктің кез келген уақытында барлық мәселелер бойынша жүгіне алады. Сондай-ақ, ең криминогендік аймақтар анықталды. Ал Жол картасын іске асыру шеңберінде 5 жыл ішінде 12 стационарлық модульдік бекет пен 16 учаскелік полиция пунктiнiң құрылысы жоспарланған.

Ақтөбе облысының ПД алдына қойылған міндеттердің бірі-полиция бөлімшелерінің үй-жайларында, атап айтқанда арнайы мекемелерде, азаматтарды уақытша ұстау бөлмелерінде, қаруды сақтау және беру бөлмелерінде, кезекші бөлімдерде, ішінара тергеушілер мен анықтаушылардың кабинеттерінде үздіксіз бейнебақылауды енгізу. Бүгінгі таңда 979 бейнекамера орнатылды [2].

Реформалардың бірі Сот жүйесінің өзгеруі – «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы аясында қолға алынған «Түнгі сот» қанатқақты жобасы іске қосылды. Атауы аңғартып тұрғандай, соттың бұл түрі туындаған даудың түйінін тарқатудың реті күндіз келмесе, оны кешіктірмей кешқұрым болсын шешіп тастауға қолайлы болды.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізілген демократиялық реформалардың қоғамдағы жемқорлықты қабылдауға айтарлықтай әсерін атап өтілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру қорытындылары, оның ішінде шенеуніктердің негізсіз байытуға жауапкершілігін заңнамалық бекіту, Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған адамдарды қорғауды күшейту, парасаттылықты тексеру жөніндегі пилоттық жобаны («Integrity Check») іске асыру, қоғамдық қатынастарды одан әрі цифрландыру ұсынылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің квазимемлекеттік сектор субъектісінің атқарушы органы мен лауазымды тұлғаларынан тәуелсіздігін, сондай-ақ оның тәуелсіз басқару органына (директорлар кеңесіне, бақылау кеңесіне және т.б.) есеп беруін көздейтін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңға түзетулер күшіне енді [3].

Қазақстанның жемқорлыққа қарсы күрес мәселелеріндегі халықаралық ынтымақтастық жөніндегі күш-жігері, сондай-ақ елдегі және әлемдегі сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарас деңгейін тәуелсіз бағалау жарияланды.

Түнгі судья лауазым пайда болады

Қылмыстық атқару жүйесінде-қоғамдағы ізгілендіру гуманизация, сотталғандардың санатына электрондық блезікті енгізу. Сонымен қатар, сарапшылардың сөзіне қарағанда бұл тәжірибе мемлекеттік бюджетті үнемдеуге және осы санаттағы сотталғандардың арасында қайта қылмыс жасамауға, қылмыстың алдын алуға тиімді тәжірибе болып табылады. Қылмыстық атқару жүйесі комитетінің сөзіне сүйенер болсақ, Бүгінде пробация қызметінің есебінде 30 мыңнан астам сотталған тұр. Электронды білезіктер тек шартты жазаны өтеу тәртібін бұзған қылмыскерлерге ғана тағылады. Болжам бойынша, олардың саны екі жарым мың. Егер үкіметтен 150 миллион теңге бөлінгенін ескерсек, бір білезік шамамен 60 мың теңгеге алынады.

Полицияның имиджі қазіргі таңда қалыптасу үстінде, себебі уақыттың қажеттілігіне, заманның дамуына ІІМ жаңа департамент пайда болды имидждік департамент. Құқық қорғау саласында құқықтық тәртіпті қадағалауда полиция қызметкерлердің ерлік істерін интернет желілерінде көріп жатырмыз. Көпшілік оны көріп отыр, дегенмен әлі де қоғам полицияны жазалаушы орган деп санамен сіңіріп алған. Біртіндеп түсінік халық арасында өзгереді деп санаймын. Халықтың полицияға деген сенімсіздігі, сонау тарихқа келетін болсақ 1930 жылдарда қалыптасқан. Себебі, бұл психологиялық аспекті 1930-37 сталиндік репрессия халықтың сеніміне полиция жазалаушы орган ретінде генетикалық тұрғыда сіңіп қалған дегенменде, болашақта осы түсінік реформа

аясында өзгереді деп санаймын. Шетел елдеріндегі полиция қызметіне келетін болсақ, полиция қызметкерлерінің кәсіптік білімі өте жоғары болып келеді. Полиция академиясының материалдық-техникалық базасы керемет. Осы бағытта білім саласына және білім беру ұйымдарының материалды-техникалық жабыдқтауына мемлеккет тарапынан көп көңіл бөлінуі тиіс деп санаймын.

Запастағы полиция генерал-майоры, заң ғылымдарының кандидаты, профессор Мирлан Қызыловтың айтқан сөздеріне тоқталғым келеді:

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде: «Бүгін, сол қаралы күндер артта қалған кезде, Ішкі істер министрлігінің арнайы жасақтарының террористік агрессияның бетін қайтарудағы ерлігін атап өткім келеді. Бірақ бәрі бірдей өзінің борышына адалдық танытқан жоқ.

Құқық қорғау жүйесін реформалауға шұғыл түзетулер енгізу қажет. Полицейлердің құқықтық қорғалуын арттыру. Билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейту қажет», - деді[4].

Запастағы Генерал-Майор Мирлан Қызыловтың айтуынша, «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан республикасының заңы құқық қорғау органдары қызметкерлерінің құқықтарын шектейді. Қазіргі таңда осы заңды жетілдіруді қажет етеді.

«Кешегі халық ұйымдастырған бейбіт жиналыстың соңы жаппай тәртіпсіздікке ұласып, егемендігіміз бен Тәуелсіздігімізге қатер төнді. Онда жан пейілімен қорғап, Қазақстан халқына нағыз қызмет ететін полиция қызметкерлерінің ерлігі мен жанқиярлық іс- әрекеттерінің куәсі болдық.

Өкініштісі, бейбіт заманда полиция қызметкерлерінің қызмет бабында қайтыс болу жағдайлары тағы орын алды.

Неге өзін қорғай алмады? Заң осал ма? Әлде дайындық төмен бе?

Шет елдердің тәжірибесіне сүйенсек Ресей Федерациясының «Полиция туралы» заңының 24-бабында «Қарулы полиция қызметкерінің жеке қауіпсіздігіне кепілдік» атты құқықтық нормасы бар. Егер заңда көзделген жағдайлар туындаса, полиция қызметкері атыс қаруын қолдануға құқылы. Біздің Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» заңымызда мұндай кепілдіктер қарастырылмаған.

Полиция қызметкерлерінің құқықтық қорғалуында, билік өкілдеріне шабуыл жасау мен заңға бағынбайтындар үшін жауапкершілікті күшейтуде негізге алынатын бірден-бір жайт.

Бізде ІІМ арнаулы оқу орнында 4 жыл оқитын курсанттың қызметтік қаруды атуға дағдылануына, шамамен «Макаров» тапаншасымен – 513, ал «Калашников» автоматымен небәрі 243 оқ беріледі... 3 ай мен 6 айлық алғашқы кәсіби дайындығында қанша оқ-дәрі жұмсалатыны белгілі. Бұдан шығатын қорытынды жалғыз-ақ. Ол полиция қызметкері тиісті кәсіби біліктілік иеленбейді. Полицияның учаскелік инспектор мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, ашу және жолын кесумен айналысатын жедел уәкілдерді дайындау мерзімінің қысқартылуына қарсымын», - дейді Мирлан Қызылов. Оның айтуынша, «мемлекеттегі арзан полиция, қоғамға қымбат түседі» деген бұрыннан белгілі ережені дамыған елдер жақсы түсінеді [5].

Қорыта келгенде, 2023 жылдың 23 желтоқсанында Ішкі істер министрлігінде сала ардагерлерімен және өңірлік полиция департаменттері бастықтарының кадр саясаты жөніндегі орынбасарларымен кездесу өтті.

Жиынға ведомство басшысы Ержан Саденов төрағалық етті.

Қоғамдық қауіпсіздік, қылмысты ашу, оны тергеу және сотқа жіберу. Мұның барлығын біздің қызметкерлер жүзеге асырады. Осыған байланысты менің тапсырмам бойынша 2024 жыл кадр сапасын жақсарту жылы болып жарияланды. Қазір жоспар әзірленіп жатыр. Онда іс-шаралар кешені көзделген, – деді ішкі істер министрі Ержан Саденов.

Сонымен қатар, ІІМ кадр саясаты бөлімі ПО қызметкерлерінің кәсіби қалыптасуына көмек көрсету, оларды азаматтардың құқығына құрметпен қарауға тәрбиелеу, сондай-ақ ішкі істер органдарында сапалы кадр ядросын қалыптастыру мақсатында тәлімгерлер кеңесінің жұмысын қайта жандандырып жатыр, бұл өте дұрыс деп санаймын. Ардагерлердің білімі, даналығы мен өмірлік тәжірибесі жас офицерлер үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының оқытушысы ретінде Президенттің тапсырмасына тоқтағым келіп тұр, «Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады». Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сөзі оқытушы-профессорлар арасында күнделікті басшылыққа алынып отыруы керек, білім алушы жастарға да түсіндірілуде. Президент тапсырмасына сәйкес келешекте ел тұтқасы болатын жастардың сапалы білім алып, кәсіби маман санатына қосылуына бар күш-жігеріміз бен тәжірибемізді жұмсаймыз деп ойлаймын.

Polisia.kz:<https://polisia.kz/ru/kazahstanskaya-servisnaya-model-raboty-politsii-perspektivy-i-strategiya-razvitiya/> (қаралған күні 10.10.2024ж.)

2. Ақтөбе облысы ПД ғимаратында «Полицияның сервистік моделіне» көшу таныстырылды// <https://www.gov.kz/memleket/entities/mvd-aktobe/press/news/details/286340?lang=kk&ysclid=m2cuz9dlve294453041> (қаралған күні 15.10.2024ж.)

3. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы.Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000802>(қаралған күні 09.10.2024ж.)

4. «Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзі»11 Қаңтар, 2022 Егемен қазақстан газеті // <https://egemen.kz/article/300843-qasym-zhomart-toqaevtynh-parlament-madgilisininh-otyrysynda-soylegen-sozi?ysclid=m2cv971z5c358557780>

5. Мирлан Қызылов «Мемлекеттегі арзан полиция, қрамға қымбат түсетінін дамыған елдер жақсы біледі»//https://kaz.inform.kz/news/mirlan-kyzylov-memlekettegi-arzan-policiya-kogamga-kymbat-tusetinin-damygan-elder-zhaksy-biledi_a3887059/?ysclid=m2cv9zsuq546078285(қаралған күні 17.10.2024ж.)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

К.Д.ТАКЕТОВА

*Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институтының 1 курс магистранты,
полиция майоры*

Қазақстандағы балалардың қараусыздығы мен панаусыздығы қауіпті ұлттық қауіпсіздік факторларының бірі болып табылады. Отбасындағы зорлық-зомбылық деңгейі, кәмелетке толмағандардың физикалық және психикалық аурулары белең алуда. 2023 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында барлығы 5 199 995 бала, оның ішінде жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар-32 362 даму

мүмкіндіктері шектеулі-148 652, девиантты мінез-құлқы бар, есепте тұрған балалар ювеналды полиция бөлімдерінде - 13038. Балалардың аурушандығы өсуге бейім. Патология анықталды балалардың 26% - [1].

Кәмелетке толмағандардың өмірінде туындайтын проблемаларды шешу, біздің ойымызша, мыналардан басталуы керек Конституциялық деңгейден бастап қолданыстағы заңнамада олардың құқықтық мәртебесін бекіту. Құқықтарды бекіту және қамтамасыз ету фактісі бойынша салалық заңнаманы реформалау кәмелетке толмағандар мақсатты, дәйекті, жүйелі түрде және негізделуі керек конституциялық-құқықтық нормалар.

Құқықтық нормалардың бір түрі бола отырып, конституциялық нормалар олардың негізгілеріне ие қасиеттері, сондай-ақ жалпы әлеуметтік нормаларға тән жалпы белгілер. Дәл осы конституциялық нормалар, кәмелетке толмағанның қоғамдағы жағдайын заңды түрде бекітеді, мемлекет. Бірақ, Қазақстан Республикасының Конституциясында құқықтық мәртебе нақты айқындалмаған сондықтан біз оны жеке тұлғаның бекітілген Құқықтық мәртебесінен алып тастаймыз. Құқық қолдану процесінің субъектілері халықаралық және ұлттық құқық нормаларын қолданды, бұл қарастырылып отырған субъектінің – кәмелетке толмағанның ерекшеліктерін көрсетпеді. Бұл түсіндіріледі кәмелетке толмаған баланы қарастырған отандық заңнаманың ерекшелігі, тек оның құқықтық мәртебесі ішінара заңды түрде сіңген отбасылық қатынастар контекстінде оның ата-анасының мәртебесі.

Құқық нормаларының жүйелілігі олардың басқа ерекшелігін – мамандануды жоққа шығармайды. Нормалар арасында құқықтар «еңбек бөлінісінің» бір түрі бар, олар біреуін орындауға мамандандырылған, «өзінің» заңды операциясы: кейбір нормалар жалпы ережелерді (нормаларпринциптер), басқалары бекітеді –тыйым

салулар (тыйым салу нормалары) енгізіледі, ал басқалары келесі жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдануға бағытталған жасалған құқық бұзушылық (құқық қорғау нормалары) және т.б. [2, б. 62].

Конституциялық-құқықтық нормалардың ерекшелігі қоғамдық қатынастардың ерекшеліктеріне байланысты, саланы құрайтын құқықтық нормалар реттеуге бағытталған. Нақты белгілерге кәмелетке толмағандардың құқықтық жағдайын анықтайтын зерттелетін конституциялық құқық нормаларын бірінші кезекте мыналар болуы керек:

-мазмұны (олар реттеуге бағытталған қоғамдық қатынастар саласы). Атап айтқанда, құқықтық мәртебені бекіте отырып, конституциялық норма тек гипотеза мен диспозицияны қамтиды, ал нұсқамалардың орындалуы қажеттілік бойынша құқықтың басқа салаларының санкцияларымен қамтамасыз етіледі.

-ең үлкен заңды күшке ие болу, яғни Қазақстан Республикасының Конституцияға қайшы келетін нормалар күші жойылуға жатады;

-олар көрсетілген көздер-ең маңызды нормалар Конституцияда қамтылған

Қазақстан Республикасының;

-нормалар түрінің ерекшелігі (нормалар-декларациялардың, нормалар-қағидаттардың, нормалар-міндеттердің, анықтамалар нормаларының болуы);

-іске асырудың ерекше тетігі (қоғамның маңызды, негізгі жақтарын ғана реттейді қарым-қатынас);

-олардағы нұсқамалардың құрылтай сипаты.

Құқықтың басқа салаларының құқықтық нормаларымен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар, конституциялық-құқықтық нормалардың өзі өте алуан түрлі, бір-бірінен көптеген жағынан ерекшеленеді белгілері.

Құқықтық мәртебесін айқындайтын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы кәмелетке толмаған, оның негізінде халықаралық құжаттардың ережелеріне негізделеді, ең алдымен, Бала құқықтары туралы конвенция. Халықаралық-құқықтық құжаттар жалпы құқықтық стандарттарды белгілейді кәмелетке толмағанның құқықтары мен бостандықтарын айқындайтын, одан төмен мемлекеттер төмен түсу. Кәмелетке толмағанның құқықтары мен бостандықтары тек ішкі мәселе болудан қалды мемлекеттер. Олар қазір бүкіл халықаралық қауымдастықтың назарында. Қазақстан Республикасы, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық-құқықтық құжаттарға қосылу, оларға сәйкес ұлттық заңнаманы қалыптастырады. Сондықтан бар баланың құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңдар арасындағы белгілі бір Байланыс, ең алдымен, тиісті халықаралық нормативтік-құқықтық актілердің отбасылық мазмұны.

Жоғарыда айтылғандар баланың құқықтарын Нормативтік бекіту және қорғау рәсімі БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясынан Қазақстан Республикасының Конституциясына логикалық дәйектілікте болуға және бұдан әрі салалық заңнамада көрсетілуге тиіс деп пайымдауға мүмкіндік береді. Дәл осындай логикалық өзара байланыс кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ салалық заңнамадағы Қазақстан Республикасы Конституциясының барлық әлеуетін барынша толық іске асыруға әкеп соғуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам құқықтары саласындағы халықаралық нормалардың, қағидаттар мен стандарттардың іске асырылуы болып табылатыны сөзсіз және, әрине, бала құқықтары туралы Конвенциямен қандай да бір қайшылықтарды

қамтымайды. Алайда, қазіргі кезеңде конституциялық-құқықтық нормаларға негізделген және мемлекеттің салалық заңнамасында бекітілген Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғаудың неғұрлым жетілдірілген және оңтайлы тетігі қажет.

Қазақстан Республикасының Конституциясында неке мен отбасын, ана болуды, әке болуды және баланы мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету арқылы балалардың мүддесі үшін әлеуметтік саясатты іске асыру тетігі ашылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Конституциясында тікелей балаларға арналған нормалар бар. Атап айтқанда, нормаларда балалық шақ мемлекеттің қорғауында, балаларға қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-аналардың табиғи құқығы мен міндеті болып табылады делінген. Қарастырылып отырған құқықтық норма: балаларды отбасылық тәрбиелеудің басымдығы, олардың дамуы мен әл-ауқатына қамқорлық жасау; кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін басым қорғау; отбасы мүшелерінің өз құқықтарын кедергісіз жүзеге асыруын, осы құқықтарды сот арқылы қорғау мүмкіндігін қамтамасыз ету қағидаттарына негізделе отырып, балалық шақты конституциялық деңгейде қорғауды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында баланың құқықтық жағдайы отбасы, ана мен ата-ана призмасы арқылы көрінеді, бұл отбасы институтының табиғи басымдығына байланысты.

Қазақстан Республикасының Негізгі заңында кәмелетке толмағанның құқықтық жағдайын анықтауға тікелей қатысы бар нормалар бар. Бұл «әрқайсысы» терминін қолдана отырып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын реттейтін нормалар. Қазақстан Республикасы Конституциясының «адам және азамат» 2-бөлімінде бекітілген, Адамның және азаматтың

құқықтары, бостандықтары мен міндеттері, бұл «Адамның қоғамдағы және мемлекеттегі жағдайын, олардың өзара қарым-қатынас принциптерін айқындайтын неғұрлым маңызды, бастапқы қағидаттар» [3, 199-бет].

Қазақстан Республикасы Конституциялық заңнамасының нормативтік ережелерін зерттеу кәмелетке толмаған бала құқықтардың дербес тасымалдаушысы болып табылады деп пайымдауға негіз береді. Бұған кәмелетке толмағанның конституциялық-құқықтық нормалардағы құқықтық жағдайының эволюциясы да дәлел бола алады.

1. ҚР БҒМ балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2023 жылғы қызметі туралы есебі. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://bala-kkk.kz/sites/default/files/upload/files/>.

2. **Алексеев С.С.** Право. Азбука. Теория. Философия. Опыт комплексного исследования [Текст]. / С.С. Алексеев. – М.: Статут, 1999. – 712 с.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Ғылыми-құқықтық түсініктеме /ред. Г.С. Сапарғалиева. [Текст]. – Алматы: Нур-пресс, 2004. – 560

КУРСАНТТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ШАМҒАНОВА А.Е.

*Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты Кәсіби-психологиялық даярлық
кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі,
полиция капитаны*

Адамзат қоғамының даму тарихының негізі - мемлекеттік қызметтегі кадрлар болып табылатын тиімді мемлекеттік аппаратсыз демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет қалыптастыру мүмкін еместігін айқын көрсетеді.[1] Атқарушы билікті реформалаудың кілті - мемлекеттік қызметті жетілдіру бойынша шаралар кешенін іске асыру қажет:

- мемлекеттің әкімшілік қызметтерін жетілдіру;
- басқаруды бюрократиялауды төмендету;
- мемлекеттік аппараттың кәсіби деңгейін оңтайландыру.

Ішкі істер органдарында ойлаудың жаңа үлгісін қалыптастыру ұйымның пісіп-жетілген проблемаларын шешуге, ғылыми негіздеуге, бұрын мызғымас болып көрінген ережелер мен қондырғылардан бас тартуға принципті түрде өзгеше көзқарастың объективті қажеттілігіне негізделген.

Полиция қызметкерлеріне жүктелген міндеттерді қажетті материалдық жеткіліктілік деңгейі, персоналдың әлеуметтік-құқықтық қорғалу дәрежесі мен оған түсетін жүктеменің ұлғаюы арасындағы жылдам ұлғайып отырған алшақтық аясында орындауға тура келеді.

Бұл объективті түрде кәсіпкерлердің едәуір бөлігінің кетуіне, олардың орнына тиісті кәсіби даярлығы ғана емес,

кейде нақты адамгершілік бағдарлары да жоқ жастардың келуіне әкеп соқтырмады.

Бүгінде курсанттарды құқық қорғау органдарының болашақ қызметкерлері ретінде патриоттық тәрбиелеу мәселелері ерекше өзекті болып отыр. Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу тұлғаны жан-жақты дамытудың жалпы жүйесінің қажетті бөлігі болып табылады. Патриоттық борышқа адалдық, Отанды, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайындық - ИМ қызметкерлерінің жауынгерлік әлеуетінің элементтерінің бірі. Бағыныстыларды патриоттық тәрбиелеудің қажеттілігі мен мақсаттарын терең ұғыну, тәрбиешілердің өздерінің моральдық-жауынгерлік, психологиялық және патриоттық қасиеттерін, мінез-құлық қасиеттерін объективті және жан-жақты бағалау, оларды қызметтік-жедел іс-әрекет пен күнделікті өмір қойылатын талаптармен сәйкестендіру қабілетін қалыптастыру патриоттық өзіндік білім беруге ынталандыруға ықпал етеді. Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиеге ынталандыру осы процестің мысалға сүйену, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі тану сияқты неғұрлым тиімді әдістерін пайдалану практикасына үйретуді көздейді. Қазақстан Республикасында демократияны дамыту перспективалары, бірінші кезекте, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясында жарияланған демократиялық қағидаттарды іске асырумен, демократия институттарының қалыптасуымен және дамуымен, пәрменді құқықтық алаңның қалыптасуымен және нығаюымен, қоғамда мәдениеттің, әсіресе құқықтық мәдениеттің жалпы артуымен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетінің жалпы деңгейі. Жарияланған конституциялық нормалар мен нақты құқықтық қатынастар арасында айтарлықтай алшақтық бар. Құқық шығармашылығы процесі оңтайлы

